

ҚҰРМЕТТІ ТАЛАПКЕРЛЕР!

Қымбатты достар, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Экономика және бизнес жоғары мектебіне қош келдіңіздер!

Мектеп бітірушілер үшін экономикалық бағыттағы мамандықтар әрқашан жоғары сұранысқа ие екені көпшілікке мәлім. Бұл тек Қазақстанда ғана емес, шетелде де байқалады. Мамандық таңдағанда тек талапкерлер ғана емес, олардың ата-аналары да экономистер, қаржыгерлер, бухгалтерлер мен менеджерлер кез келген кәсіпорында, қаржы және сауда ұйымдарында, мемлекеттік қызметте немесе жеке кәсіп ашуда аса қажет деп есептейді. Бұл пікірдің негізі бар.

Жастардың Экономика және бизнес жоғары мектебінде оқуды таңдау себептері:

- 1949 жылы ашылып, 1963 жылы Алма-ата халық шаруашылығы институтының құрылуына негіз болған, Қазақстандағы жоғары білікті экономистерді даярлайтын ең алғашқы және кең ауқымды қамтитын орын;

- жыл сайын экономика және бизнес, менеджмент және маркетинг, қаржы, есеп және аудит саласында факультеттен түлеп ұшатын 500-ден астам бакалавр, магистр және Ph.D. докторлары;

- 16 ғылым докторы, 57 ғылым кандидаты мен 24 Ph.D. докторын қоса алғанда кәсіби біліктілігі өте жоғары профессорлық-оқытушылық құрам;

- университеттің дәстүрлі болмысы мен оқытудың заманауи әдістерінің үйлесім табуы;

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі қарамағындағы Экономика институтымен тығыз байланыста жүргізілетін ғылыми зерттеулер мен ғылыми мектептердің сабақтастығына студенттерді белсенді қатыстыру;

- еліміздің дамуына сүбелі үлес қосқан көптеген отандық ғалымдар, беделді мемлекеттік қызметкерлер, табысты кәсіпкерлер, жоғары оқу орындарының ректорлары, атақты спортшылардың қара шаңырағы;

- қызықты іс-шараларға толы, мәнді әрі мағыналы студенттік өмір мен қолайлы кампус.

Қиындықтан тайсалмай, кәсібиліктің шыңына шыққысы келетіндерді бізде оқуға шақырамыз!



ФАКУЛЬТЕТ ДЕКАНЫ
Экономика және бизнес
жоғары мектебі, э.ғ.к.,
қауымдастырылған
профессор
ДАУЛИЕВА ГАЛИЯ
РАХМЕТОВНА



ФАКУЛЬТЕТ ТҮЛЕКТЕРІ ҚАЙДА ЖҰМЫС ІСТЕЙ АЛАДЫ...

Экономика және бизнес жоғары мектебі 75 жылдық тарихында 17000-нан астам маман даярлап шығарған. Қазіргі таңда біздің түлектер мемлекеттік басқару органдарында, стратегиялық маңызы бар салалық құрылымдарда, бизнес-ортада, жеке және трансұлттық компанияларда абыроймен қызмет етіп, ел экономикасының дамуына сүбелі үлес қосуда.

ЭжБЖМ түлектері келесідей салаларда жұмыс істей алады:

— ҚР Қаржы министрлігі, ҚР Ұлттық банкі, екінші деңгейлі банктер, Мемлекеттік кірістер комитеті, Қазынашылық, Кеден органдары, сақтандыру компаниялары;

— ҚР Президентінің аппараты, ҚР Парламентінің аппараты, ҚР Үкіметінің түрлі құрылымдық бөлімшелері, ҚР Ұлттық экономика министрлігі, жергілікті басқару органдары;

— Ұлттық компаниялар, концерндер, халықаралық корпорациялар;

— Транспорттық, өндірістік, консалтингтік, аудиторлық және логистикалық компаниялар, жарнама және маркетингтік агенттіктер;

— Экономика саласындағы ғылыми-зерттеу институттары мен басқа да меншіктің барлық нысандарындағы заңды тұлғалар.

4
кафедра

2000+
білімгерлер

75+
тарих

150+
профессор-оқытушы
құрамы

80+
халықаралық оқу
орындарымен ынтымақтастық



БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ – ТҮЛЕКТЕРІМІЗ!



Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлы

Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының
төрағасы
Алматы қаласының әкімі
Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің
басшысы
ҚР Премьер-Министрі (2016-2019)



Әшімбаев Мәулен Сағатханұлы

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы
«Нұр Отан» партиясы Төрағасының
Бірінші орынбасары
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты



Алшанов Рахман Алшанович

«Тұран» университетінің ректоры
Қазақстан Республикасы жаратылыстану ғылымдары
академиясының академигі (1996)



Карашукеев Ербол Шырақпаевич

Жамбыл облысының әкімі
«ҚазАгро» «Холдинг» АҚ Басқарма төрағасы,
директорлар кеңесінің мүшесі



Қарағұсова Гүлжан Жанпейісқызы

э.ғ.д., профессор, Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаты
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі
(2001-2007)



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

БАКАЛАВРИАТ

6B041 – Бизнес және басқару:

Менеджмент және басқару білім беру бағдарламалары

— Менеджмент

— Мемлекеттік және жергілікті басқару

— Экономика

— Цифрлық экономика

Аудит және салық салу білім беру бағдарламалары

— Есеп және аудит

Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі білім беру бағдарламалары

— Қаржы

Маркетинг және жарнама білім беру бағдарламалары

— Маркетинг

6B113 – Көлік қызметтері:

Көлік қызметтері білім беру бағдарламалары

— Логистика (салалар бойынша)

МАГИСТРАТУРА

M070 Экономика

— Экономика

— Цифрлық экономика

M071 Мемлекеттік және жергілікті басқару

— Мемлекеттік және жергілікті басқару

M072 Менеджмент және басқару

— Жобаны басқару

— Инновациялық менеджмент

— Менеджмент

M073 Аудит және салық төлеу

— Есеп және аудит

— Мемлекеттік аудит

M074 Қаржы, банктік және сақтандыру ісі

— Қаржы

M075 Маркетинг және жарнама

— Маркетинг



M152 Логистика сала бойынша

- Логистика
- Халықаралық логистика

ДОКТОРАНТУРА

D070 Экономика

- Экономика

D071 Мемлекеттік және жергілікті басқару

- Мемлекеттік және жергілікті басқару

D072 Менеджмент және басқару

- Жобаны басқару
- Инновациялық менеджмент
- Менеджмент

D073 Аудит және салық төлеу

- Есеп және аудит
- Аудит және бақылау

D074 Қаржы, банктік және сақтандыру ісі

- Қаржы

D075 Маркетинг және жарнама

- Маркетинг

D148 Логистика сала бойынша

- Логистика

СТУДЕНТТІК ПІКІРЛЕР



Мен – Экономика және Бизнес Жоғары Мектебінің 3-курс студентімін. Осы үш жыл ішінде мен тек білім ғана емес, өмірлік тәжірибе мен сенімді ортаны таптым. Біздің факультет – болашақ мамандарды даярлауда үлкен жауапкершілікпен қарайтын, әрбір студенттің өсуіне жағдай жасайтын орта. Оқу процесі заман талабына сай ұйымдастырылған: теория мен практиканың үйлесімі, нақты кейстер мен зерттеу жобалары арқылы біз логистиканың барлық қырын меңгерудеміз. Сонымен қатар, оқытушыларымыздың қолдауы мен бағыт-бағдары бізге шабыт беріп, кәсіби жолымызды дұрыс таңдауға көмектесуде. Ал ең бастысы – бұл жерде студенттерге барлық жағдай жасалған. Заманауи аудиториялар, кәсіби тәжірибеден өту мүмкіндігі, сондай-ақ тұлғалық дамуға арналған үйірмелер мен клубтар – мұның барлығы біздің жан-жақты дамуымызға ықпал етеді. Студенттік өмір де өте белсенді әрі мазмұнды өтуде: түрлі іс-шаралар, волонтерлік жобалар мен тимбилдингтер арқылы біз үлкен бір отбасыға айналдық. Экономика және Бизнес Жоғары Мектебі – бұл тек оқу орны ғана емес, өзінді табуға, өсіп-өнуге және үлкен арманға жетуге мүмкіндік беретін орта. Осы факультетті таңдағаным шын жүректен қуаныштымын!

Тыныштықбай Мубарак



My name is Hairolla, and I am from Indonesia. I am currently studying at the Department of Economics at Al-Farabi Kazakh National University, and I would like to share my experience and opinion about this university and faculty. From the beginning, I was impressed by the friendly and welcoming environment. As an international student, it was easy for me to adapt and feel comfortable here. The faculty offers a wide range of subjects, allowing students to explore different areas of economics and build a strong academic foundation. One of the highlights of my studies has been learning from highly professional professors, including foreign lecturers from Poland and Italy. Their international experience made the classes more engaging and insightful. Most professors have good English proficiency, which makes it easier for international students like me to understand the lessons. We also receive great support from helpful academic advisors who guide us through both academic and personal matters. I'm proud to study at Al-Farabi Kazakh National University, one of the top-ranked universities in the world, and I highly recommend it to other international students

Hairolla

СТУДЕНТТІК ӨМІР

Экономика және бизнес жоғары мектебінде әлеуметтік және тәрбие жұмысы — білім берудің басым бағыты. Мақсат — студент жастардың патриоттыққа, мәдениеттілікке, әлеуметтік мобильділікке және білімге деген тұлғалық-құндылық қатынастарын қалыптастыру болып табылады.

Факультетте Студенттік деканат және Студенттік кеңес, «Ашық Жүрек» ҚҚ, Студенттік маслихат, «Көмек» ҚҚ сияқты ұйымдар қызмет етеді.



“Қазақстанның жастары – жасампаз” патриоттық жиыны



ТДМ аудиториясын ашу рәсімі



Тұрақты даму мақсаттарына арналған воркшоп



IV Халықаралық Фараби форумы



1 курс студенттерін
студенттер қатарына
қабылдау кеші



Студенттер мен жас
ғалымдардың «Фараби
әлемі» атты халықаралық
конференциясы



"ENACTUS KAZAKHSTAN
NATIONAL EXPO 2025"
студенттік кәсіпкерліктің
Ұлттық кубогы



ҚР Мемлекеттік
Орталық музейінде



«Ұлттық бірлік»
тақырыбында ашық
кураторлық-
эдвайзерлік сағат



3-курс студенттері
арасындағы футбол
турнирі

ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ



Қытай университеттерімен
ынтымақтастық



Индонезия университетімен
ынтымақтастық



Малайзияның Теренгану
университетінде докторанттардың
ғылыми тағылымдамасы



Болашақ бағдарламасы аясында Джордж
Вашингтон университетінде ЭЖБЖМ
оқытушыларының тағылымдамасы



Краков университетінде докторанттардың
тағылымдамасы



Түркия ірі компанияларының өкілдерімен
кездесу



ҒЫЛЫМИ-БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҚТАР

Академик Я. Аубакиров атындағы Мәжіліс залы

- конференциялар, факультеттің Ғылыми кеңесінің, диссертациялық кеңесінің отырыстарын өткізу

Кәсіпкерлік пен инновациялар орталығы

- Erasmus+ ENINEDU жобасының аясында құрылған;
- Студенттерге бизнес-жобаларды нарыққа шығаруға консалтингтік көмек беру;
- Қолданбалы бағдарламалармен жұмыс істей отырып, академиялық білімді тәжірибелік бағытта толықтыру;
- Жұмыс берушілермен байланыс.

«Менеджмент және бизнес-білім беру» орталығы

- ҚР ЖОО оқытушыларының біліктілігін арттыру бағдарламалары
- бизнес-құрылымдар мен мемлекеттік мекемелер өкілдеріне арналған курстар

Қаржылық технологиялар орталығы және бухгалтерлік есеп пен аудитті цифрландыру

- Қысқы және жазғы мектептер;
- «Биржалық трейдинг» бойынша сертификатталған курстар
- Оқытушыларға арналған қысқа және орта мерзімді бағдарламалар
- Қаржылық сауаттылықты арттыру

«Smart Marketing and Logistics» орталығы

- оқу-білім беру қызметі;
- ғылыми мектептер және пәнаралық курстар;
- консалтингтік қызметтер;
- халықаралық гранттық конкурстар.



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Экономика және бизнес жоғары мектебі



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТІМАҚТАСТЫҚ



UNIVERSITAT ROVIRA I VIRGILI



Co-funded by the
Erasmus+ Programme
of the European Union



THE LONDON SCHOOL
OF ECONOMICS AND
POLITICAL SCIENCE



筑波大学
University of Tsukuba